

ОСӨЖ №9

Тақырыбы:

«М.Жумабаев поэзиясындағы өмір және өлім мәселесі»

Орындаған: Шакарім Ж.Қ. Э-229

Тексерген: аға оқытушы Ашимова Г.М.

ЖОСПАР:

Кіріспе

1. Ақынның өмірбаяны

Негізгі бөлім

1. Мағжан шығармашылығы

А) Поэзиясы

Б) Поэмалары

С) «Қорқыт поэмасы»

2. Публицистикациялары

Қорытынды..

1893 жылы Солтүстік Қазақстан облысы, Булаев ауданы, Сасықкөл деген жерде туған. Бала кезінен өте зеректігімен көзге түскен Мағжан төрт жасынан хат таниды. Қызылжардағы М.Бегішев ашқан медреседе 5 жыл оқып, 1910 жылы бітіреді. 1910-1913 жылдары Уфадағы "Ғалия" медресесінде оқиды. Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарқын жұлдызы өкілі.



МАҒЖАН ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫ

Ақын тұңғыш өлеңінен бастап әлеуметтік тақырыпқа ден қойып, ағартушылық, ұлт-азаттық, демократияшыл бағытты ұстанды.

Жұмабайұлы ел ішіндегі әлеуметтік мәселелерді көтерді (“Шын сорлы”), халқын өнер-білімге шақырды (“Ләззат қайда?”, “Жазғы таң”, “Өнер-білім қайтсе табылар”, “Балалық шақ”, “Қазағым”, “Қарағым”, “Осы күнгі күй”, “Мен сорлы”).



Мағжан поэзиясы

Жұмабайұлы қазақ лирикасының сыршылдығын тереңдетті, адамның нәзік сезімдеріне тіл бітіре білді. Бұл қасиет оның, әсіресе, махаббат лирикасына тән (“Сүй, жан сәулем”, т.б.). Жұмабайұлы – әлемдік поэзияда экологиялық тақырыпты алғаш жырлаушылардың бірі (“Айда атыңды, Сәрсембай”, “Шойын жол”). Ол техикалық прогреске қарсы болған жоқ, оның ұлттық-мәдени, рухани дәстүрлерді бұзуына қарсы еді. Техника жетістіктерін қызыға жырлай отырып, туған жердің әсем табиғатынан айырылып қалмауға үндеді.



ПОЭМАЛАРЫ(1922—1927)

1. «Қорқыт»
2. «Қойлыбайдың қобызы»
3. «Батыр Баян»
4. «Жүсіп хан»
5. «Өтірік ертеке»
6. «Тоқсанның тобы»
7. «Қара сөздер» (1923)
8. «Шолпанның кінәсі» (әңгіме)

ҚОРҚЫТ ПОЭМАСЫ

«Қорқыт» поэмасы бұрынғы өмір мен өлім тақырыбына жазылғанымен, ақын идеясы ол емес.

Поэмада Қорқыттың өлімнен қашып, соңында әр өмірдің соңы өліммен аяқталатынын түсініп, қобызын сарнатып өткені айтылады. «Қазақ аңыздарындағы терең философиялық маңызы бар сюжеттің бірі – Қорқыттың өліммен күресуі, оған көп заман жолықпай дауа іздеуі. Қорқыт тіршіліктің тұрақсыз өзгергіш түріне күйзелген. Өліммен күресу сюжеті әсіресе қазақ пен Алтай елінің аңызында өте жоғары сарынмен айтылады»



Өмірде жүрген жерін қанды орғып,

Шеше алмай жан жұмбағын шерлі Қорқыт.

Жұбанды қолындағы қобызымен,

Көрге де қобызымен кірді Қорқыт.

Поэмада Қорқыт бейнесі осылай түйінделеді. Қиялымен қазақ халқын бостандығынан айырмай, тарихын, мәдениетін, тілін, дінін ұмыттырмайтын, жақсылыққа кенелтетін, «өлтірмейтін» қоғам іздейді, Қорқыттың «мәңгілік ғұмыр іздеуін» шығармасына нысана етіп алуы Мағжан философиясының асқақтығын көрсетеді.

Мағжан публицистикасы

Жұмабайұлы аударма саласына үлкен мән берді. И.Гете, Г. Гейне, Әбу Фирас, А.В. Кольцов, М.Ю. Лермонтов, А.А. Фет, И.И. Дмитриев, И.П. Мятлов, А.А. Блок өлеңдерін, А.М. Горький, В.В. Иванов, Д.Н. Мамин-Сибиряк, т.б. әңгімелерін қазақ тіліне аударды. Таңдаулы прозалық шығармалар аударумен қоса Жұмабайұлы “Шолпанның күнәсі” әңгімесі арқылы қазақ әдебиетіне психологиялық талдау, сана ағымы әдістерін енгізді.



Қорытынды..

Ақын “**Қорқыт**” поэмасында философиядағы мәңгілік тақырып – *өмір мен өлім мәселесін* Қорқыт пен ажалдың аңдысуы түрінде суреттейді. Ажал – хақ, сондықтан да өмір жібінің түйінінде өлімді болмай қоймайтын өмір ақиқаты ретінде қабылдау қажет деп санайды ол.

